

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының Басқарма  
Төрағасы-Ректорының  
« 11 » 11 2024 жылы  
№ 05-04/791 бұйрығымен  
Бекітілген

Тест тапсырмаларын құрастыру бойынша нұсқаулық

Көшірме	Басылым	Дайындаған	Келісілген
	екінші	Смагулова А.З. 	Нарбекова Б.М. 
			Жанбеков Х.И. 
			Желдыбаева А.Ж. 

Алматы, 2024



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-  
Ректорының  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 жылы  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
Бекітілген №1 қосымша

## 1. Жалпы сипаттама

1. Тест тапсырмаларын құрастыру бойынша нұсқаулық «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына», «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – университет) Ғылыми кеңесінің 2024 жылғы 1 шілдедегі №10 хаттамасының шешімімен бекітілген Академиялық саясатына сәйкес әзірленді.

## 2. Тест тапсырмаларына қойылатын талаптар

2. Пәндер бойынша тест тапсырмалары ҚР МЖСБ мамандықтарының тиістік, жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес оқу бағдарламасының негізгі ұғымдарын, тақырыптарын, тарауларын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында құрастырылуы тиіс.

3. Тест тапсырмалары сенімділік талаптарына сәйкес болуы тиіс (білімін нақты көрсететін параметрлерін дұрыс таңдау), анықтық (білім алу нәтижелеріне тест мазмұнының сәйкестігі), репрезентаттық, немесе тексерілетін оқу материалын қамту.

4. Тест тапсырмалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қысқа, нақты құрастырылуы керек.

5. Тест тапсырмалары қайталапбауы тиіс.


6. Тест тапсырмалары оқу пәнінің жұмыс бағдарламасында қарастырылған барлық тақырыптарды қамтуы тиіс және 3 күрделілік деңгейде (1-жеңіл, 2-орташа, 3-күрделі).

7. Тест тапсырмаларының саны пәнді оқып үйренуге берілген кредит көлеміне байланысты: 1 ECTS – 50; 2 ECTS – 100; 3 ECTS – 150; 4 ECTS – 200.

8. Пәннің әрбір тақырыбы бойынша тапсырмалардың пайыздық қатынасы жұмыс бағдарламасында жоспарланған сағат санына сәйкесінше болуы тиіс.

9. Тест тапсырмасы бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар бірнеше жауап нұсқасынан тұруы тиіс.

10. Жауаптың барлық нұсқалары тапсырманың негізгі бөлігімен грамматикалық



үйлесімділікте болуы қажет.

11.Ұсыну формасы бойынша тест түрінде келесі тапсырмалар қолданылуы керек:

Тест тапсырмаларының саны

<i>Бөлік</i>	<i>1 ECTS-қа арналған тест тапсырмасының саны</i>		<i>Тапсырма түрі</i>
Оқу пәнінің мазмұны	50	25	<i>Бір дұрыс жауапты таңдаумен (ұсынылған төрт жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау және ұсынылған екі жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау арқылы альтернативтік тест тапсырмалары)</i>
		20	<i>Ұсынылған алты жауаптың ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау</i>
		5	<i>Төрт жауаптың ішінде бір дұрыс жауабы бар мәлімәтіндік тапсырмалар: ситуациялық тапсырмалар</i>

12. Бір дұрыс жауабы бар сұраққа жауап беруге кететін уақыт 1,5 минуттан, бірнеше дұрыс жауаптары бар сұраққа жауап беруге кететін уақыт 2 минуттан аспауы тиіс.

13. Тест тапсырмалары Блум таксономиясына сәйкес жасалуы тиіс.

14.Тест тапсырмалары бекітілген тест спецификациясы бойынша құрастырылуы тиіс.

### 3. Тест тапсырмаларын рәсімдеуге арналған талаптар

15. Тест тапсырмалары Microsoft Word редакторында («Times New Roman» шрифті, шрифт өлшемі №12) келесі шаблон формасында терілуі тиіс. (Тест тапсырмалары шаблону <http://univer.kaznpu.kz> сайтында берілген).


### ТЕСТТІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ЕНГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ШАБЛОН (ТӨРТ ЖАУАП НҰСҚАСЫ ҚАМТЫЛҒАН)

16. **Уровень 1 (тест тапсырмаларының формасына арналған белгі).**

«Білу және түсіну, қолдану, талдау, синтез» - ұсынылған төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары (осы тесттің түрі бойынша қиындықтың үш деңгейі құрастырылады - жеңіл (негізгі), орташа, қиын (жоғары)).

№1 сұрақ

VI | Тест тапсырмаларының мазмұны



0	Дұрыс емес жауап
1	Дұрыс жауап
0	Дұрыс емес жауап
0	Дұрыс емес жауап

**Уровень 2 (тест тапсырмаларының формасына арналған белгі).**

«Білу және түсіну, қолдану, талдау, синтез» - алты жауаптың ішінде бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдауға арналған тест тапсырмалары (осы тест тапсырмасының түрі бойынша қиындықтың үш деңгейі құрастырылады - жеңіл (негізгі), орташа, қиын (жоғары)).

**№2 сұрақ**

V2	Тест тапсырмаларының мазмұны
0	Дұрыс емес жауап
1	Дұрыс жауап
0	Дұрыс емес жауап
0	Дұрыс емес жауап
0	Дұрыс емес жауап
1	Дұрыс жауап

**Уровень 3 (Мәнмәтіндік тапсырмалар) (тест тапсырмаларының формасына арналған белгі).**

«Білу және түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау» - Төрт жауаптың ішінде бір дұрыс жауабы бар мәнмәтінге арналған 3 тест тапсырмалары (осы форма бойынша үш күрделілік деңгейі құрастырылады - жеңіл (негізгі), орташа, күрделі (жоғары)).

**№3 сұрақ Мәнмәтін (мәтін, сурет, кесте диаграмма )**

V1	Тест тапсырмаларының мазмұны
0	Дұрыс емес жауап
1	Дұрыс жауап
0	Дұрыс емес жауап
0	Дұрыс емес жауап

*Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары*

Берілген төрт жауабы бар тест тапсырмаларында тек бір дұрыс жауап, сонымен қатар альтернативтік екі жауаптың ішінде бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары көрсетілген.

*Алты ұсынылған жауаптың ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырма*

Тестіленуші тапсырманың өзін және жауаптар нұсқаларының мазмұнына назар аудару, қажетті дұрыс жауаптардың санын іздемеу үшін берілген тест тапсырмаларында дұрыс жауаптардың саны нақты көрсетілмейді. Осындай форматтағы тапсырмалар білім алушылардың теориялық және практикалық дайындығының деңгейін барынша толық және объективті бағалауға мүмкіндік береді.

*Мәнмәтіндік тапсырмалар*

Берілген 1 мәнмәтінге 3 тест тапсырмасы беріледі. Мәнмәтін мәтінмен (өнер, ғылыми), схема, график, кестелік мәліметтер, суреттер (фотосуреттер) түрінде немесе ақпараттың бірнеше түрлері ұсынылуы мүмкін.

17. Тест тапсырмаларының қиындық деңгейі бір тест нұсқасында: тест 3 күрделілік деңгейінен тұрады: базалық деңгей (А) – 50 %, орташа деңгей (В) – 30 %, жоғары деңгей (С) – 20%.

**Базалық деңгейі:** қарапайым білім мен дағдыларды жаңғыртуды сипаттайды, білім алушының минималды дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқауларды қолдана отырып қарапайым әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен жаратылыстану ұғымдарын қолдануға мүмкіндік береді.

**Орташа деңгейі:** негізгі білім мен дағдылардың дұрыс қайталануын, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануды, деректерді талдау, салыстыру, жалпылау және жүйелеу, дәлелдерді қолдану, ақпаратты жалпылау және тұжырымдау қабілеттерін сипаттайды.

**Жоғары деңгейі:** неғұрлым күрделі білім мен дағдыларды жаңғыртуды, тапсырмалардың неғұрлым күрделі модельдерін тануды, білімді, дағдылар мен дағдыларды біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды жүргізуді, тұжырымдарды негіздеуді және тұжырымдауды сипаттайды, фактілер мен олардың салдарын ажыратуға, ұсынылған фактілердің маңыздылығын анықтауға бағытталған.

### 18. Қысқартулар:

- Уровень 1, Уровень 2, Уровень 3 (Мәнімәтіндік тапсырмалар) - осы белгі тест тапсырмаларының формасын анықтау үшін көрсетілген.
- V1 – бір дұрыс жауабы таңдалатын тест тапсырмасы. Тест тапсырмасының тек бір жауабы болуы тиіс.
- V2 – бірнеше дұрыс жауабы таңдалатын тест тапсырмасы. Тест тапсырмасының бірнеше дұрыс жауабы болуы мүмкін (бір, екі немесе үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары).
- V1 – мәнімәтіндік төрт жауаптың ішінде бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары бар.
- 0 - Дұрыс емес жауап
- 1 - Дұрыс жауап
- Тест тапсырмаларын V1, V2, V1 (мәнімәтіндік тапсырмалар) шаблоньна сәйкес орналастыру қажет.

### 4. Тест тапсырмаларын қалыптастырудағы мысалдар

#### 19. Бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары таңдалатын тест тапсырмалары

Төрт ұсынылған жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырма

#### Уровень 1

№1 сұрақ

V1	Сөздер мен сөйлеу бөлімдері арасындағы сәйкестікті орнатыңыз	
	Сөздер	Сөйлеу бөлімдері
	1. қос	А) етістік
	2. екі	В) сын есім
	3. екі еселеу	С) сан есім

МЕСІ ДҰРЫС  
 «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ  
 Іс-жүргізу және  
 мұрағат ісі қызметі

		D) зағ есім E) үстеу F) жіктік жалғау
0	1-С, 2-В, 3-Е	
1	1-Д, 2-С, 3-А	
0	1-Е, 2-Д, 3-В	
0	1-А, 2-Е, 3-С	

№2 сұрақ

V1	Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты оқиғалардың хронологиялық ретін анықтаңыз
	1. Германияның КСРО-ға шабуылы 2. Жапонияның Перл Харборға шабуылы 3. Ұлыбритания мен Францияның Германияға соғыс жариялауы 4. Польшаға Германияның басып кіруі 5. Данияға Германияның басып кіруі
0	2,3,5,4,1
0	5,2,3,4,1
0	3,2,5,4,1
1	4,3,5,1,2

№3 сұрақ

V1	XX ғасырдың бірінші жартысындағы діни қызметкерлер мүлкі болды
0	артықшылықты
1	артықшылықсыз

Алты ұсынылған жауаптың ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырма

Уровень 2


№3 сұрақ

V2	Барокко стилінде салынған
0	Смольный соборы
1	Қысқы зәулім сарайы
0	Мәрмәр сарайы
0	Қазан соборы
0	Сенат және Синод ғимараттары
1	Александрия театры

Уровень 3 (Мәнмәтіндік тапсырмалар)

№4 сұрақ

V1	Ф. Парсонс кәсіби бағдар берудің негізін қалаушы ғалым. Ол жасаған кәсіби
----	---




	<p>кеңес беру моделі үш кезеңнен тұрды:</p> <p>1) мамандыққа (жұмысқа немесе оқуға) үміткердің жеке басын және психикалық ерекшеліктерін зерделеу;</p> <p>2) мамандықтың адамға қойылатын талаптарын зерттеу;</p> <p>3) мамандық таңдау туралы ұсынымдар беру мақсатында алдыңғы кезеңдерде алынған деректерді салыстыру.</p> <p>Дәл осы теорияға сәйкес кең кәсіптік материал жинақталды және талданды, адамның мамандық талаптарына сәйкестік дәрежесін анықтау үшін кәсіптердің классификациясы, кәсіби іріктеу мен іріктеудің принциптері мен схемалары жасалды.</p> <p>1. Ф. Парсонс туған қаланы анықтаңыз</p> <p>A) Нью-Джерси B) Лондон C) Варшава D) Нью-Йорк</p> <p>2. Мамандыққа үміткердің жеке басын және психикалық ерекшеліктерін зерделеу үшін Ф. Парсонс ашты</p> <p>A) мамандық таңдау мектебін B) әлеуметтік институтын C) мамандық таңдау бюросын D) халықаралық институтын</p> <p>3. Дұрыс дәйекті анықтаңыз</p> <p>A) Кәсіптік бағдарлау жөніндегі алғашқы ұлттық конференция Парижде 1889 жылы өтті B) Кәсіптік бағдарлау жөніндегі алғашқы ұлттық конференция Бостонда 1910 жылы өтті C) Кәсіптік бағдарлау жөніндегі алғашқы ұлттық конференция Мәскеуде 1916 жылы өтті D) Кәсіптік бағдарлау жөніндегі алғашқы ұлттық конференция Токиода 1920 жылы өтті</p>
1	1-A, 2-C, 3-B
0	1-B, 2-C, 3-A
0	1-E, 2-A, 3-B
0	1-D, 2-C, 3-E

## 5. Профессорлық оқытушы құрамының іс-әрекеті

20. Тест тапсырмалар базасын құрастыру үшін оқытушы:

1) университет Ректоры бекіткен «Білімді бақылауға арналған тест тапсырмаларын дайындауға қойылатын талаптарға» сәйкес тест тапсырмаларын құрастырады;

2) Тест тапсырмалары институттың ОӘК отырысында қарастырылып бекітілгеннен кейін (хаттама № және күні көрсетілген), тестілеу орталығына бекітілген уақыт аралығында тест тапсырмаларын электронды түрде және оқытушы



мен кафедра меңгерушісінің қолы қойылған сараптамалық қорытындыны жеткізуі тиіс.

21. Тест тапсырмасын құрастырушы оның сапасына, мазмұнына, сауаттылығына, дұрыс жауаптың қате болмауына толықтай жауапты. Құрастырушы тест тапсырмасы сапасының дұрыстығын тесті тапсыру кезінде тіркеу журналына қол қоюмен растайды.

22. Тест тапсырмаларын білім алушыларға және бөгде адамдарға беруге **тиым салынады**.

23. Тест тапсырмаларының құпиясын сақтау жауапкершілігі профессор-оқытушылар құрамына, кафедра лаборантына, тестілеу орталығының қызметкерлеріне жүктеледі.

24. Әзірлеуші университеттің құпияларын жарияламау туралы міндеттемеге қол қояды.

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС  
«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ  
Іс-жүргізу және  
мұрағат ісі қызметі